

№2 педагогикалық кеңес отырысы хаттамасының көшірмесі

«12» қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі;
2. Мектеп ұжымы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың туындауына себептерді болдырмау және алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
2. «Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға тыйым салу туралы» бұйрықпен таныстыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп-лицей директоры Г.П.Байменова сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талаптары туралы түсіндіре келіп, алдағы уақытта осы мақсатта жиналыстар өткізіліп, кең көлемдегі түсіндіру жұмыстары өткізіліп тұратынын айтып өтті.

Сонымен бірге «Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға тыйым салу туралы» бұйрығымен таныстырып өтті.

Ата-аналардан сынып, мектеп тазалығын сақтауға және жөндеу жұмыстарына құрал-жабдықтарды, жиһазды сатып алуға, мектеп аттестациясын өткізуге, педагогикалық ұжымға арналған сыйлықтарға, мерекелер мен іс-шараларға және басқадай мәжбүрлеп ақша жинауға қатаң тыйым салынуы туралы айтылып, педагогикалық ұжым және ата-аналар комитеті мүшелерін құрып мектепке, сыныпқа заңсыз ақша жинамау қажеттігі туралы қатаң ескертілді.

MEM:

Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер бойынша мектеп ұжымына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, танысқандары туралы бағарыға қол қойылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшысы



Г. Байменова
Ж. Тазабекова

**Астана қаласы әкімдігінің «Темірбек Жүргенов атындағы
№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында өткен жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

«01» қараша 2024 жыл

Өткізілу түрі: педкеңес (№3 хаттама)

Өткізілген орны: №70 мектеп-лицей мәжіліс залы

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі;
2. Мектеп ұжымы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу.
2. Сыйлықтарға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттар үшін қаражат жинауға тыйым салу.

Тыңдалды:

Алғашқы сөзді мектеп-лицей директоры Г.П.Байменова алып, бүгінгі жиналыста қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша сыбайлас жемқорлықтың қоғамға зияны, оның түрлері және құқық бұзушылыққа қалай жол берілетіндігі жөнінде түсіндіріп өтті. Оқушыларға мектепте және өмірде адалдық, әділеттілік сияқты құндылықтардың маңызы туралы айтылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы қысқаша мәлімет берілді.

Келесі мәселе бойынша ДТІЖО Г.А.Мукатова білім беру ұйымдарында ата-аналар мен оқушылардан сыйлықтарға, мерекелік іс-шараларға немесе басқа да мақсаттарға ақша жинауға тыйым салынғанын айтты. Бұл – заңға қайшы әрекет, және барлық сынып мүшелері мен ата-аналар бұл талапты қатаң сақтауы қажет екені ескертілді.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру.
2. Барлық оқушылар мен ата-аналарға мектепте қаражат жинауға тыйым салынғаны туралы ақпарат жеткізілсін.

**Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы**



**Г. Байменова
Ж. Тазабекова**

Анықтама

Т. Жүргенов атындағы «№ 70 мектеп - лицей»

Бүгін №70 мектеп – лицейінде 2024 жылдың 25 қарашасында арнайы өткізілген сынып сағаты «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында білімалушылармен арнайы сыбайластық жемқорлықты қоғамда болдырмау керектігі жайында тақырыпты ашып өткізді.

Мақсаты: «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Өз

мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.



Тәрбие бөлімі:

Омарова М.С Мукатова Г.А